

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
_____ **Н.А.Алкенова**
« » _____ **2024ж**

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша
білім бөлімі Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Кәсіподақ ұйымының жылдық жоспары
2024-2025 оқу жылы**

№	Жұмыс жоспары	Мерзімі	Жауапты
1	Кәсіподақ ұйымы төрағасы мен мүшелерін тағайындау, 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
2	Мектеп қызметкерлерін марапаттау, туған күндерімен құттықтау	Жыл бойы	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
3	Шипажайлық-курорттық емделуді ұйымдастыру	Жыл бойы	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
4	«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» Мұғалімдер күнін атап өту	Қазан	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
5	«Қарттарым асыл қазынам» ардагер ұстаздармен дөңгелек үстел, құттықтау	Қазан	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
6	Жаңа жыл мерекесіне дайындық «Қош келдің жаңа-жыл» мерекесін өткізу	Желтоқсан	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
7	Мектеп әкімшілігі мен кәсіподақ ұйымының мүшелері бірлесе отырып қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбегін қорғау мәселелерін талқылау	Қаңтар	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері Директордың шаруашылық істер орынбасары
8	Салауатты өмір салтын насихаттау (спорттық іс-шара ұйымдастыру)	Ақпан	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
9	8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесін ұйымдастыру	Наурыз	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
10	22-наурыз мерекесін атап өтуді ұйымдастыру «Қош келдің, әз-Наурыз!»	Наурыз	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
11	7-мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін ұйымдастыру	Мамыр	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
12	Аудандық «Мұғалім» спартакиадасы	Мамыр	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
13	2024-2025 оқу жылының кәсіподақ ұйымының есебі	Мамыр	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері
14	Жазғы демалысты ұйымдастыру	Маусым	Кәсіподақ ұйымы төрағасы, мүшелері

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша
білім бөлімі Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Кәсіподақ ұйымының құрамы
2024-2025 оқу жылы**

Кәсіподақ төрағасы:

Нагашыбаев Нурболат Ермуратович

Мүшелері:

1. Байдашева Гульмира Муратовна
2. Туйкаева Дана Кабдулманатовна
3. Ермекбаева Сайран Сапаровна
4. Жиенгарина Аридаш Мырзагалиевна
5. Кенжегарина Асемгуль Кайыргельдиновна

А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар»

Өткізілген уақыты: Қазан 2023 жыл

Қазан айының 1 аптасы мұғалімдер күніне орай, мектебімізде Кәсіподақ ұйымы мен оқушылар ұстаздарға арнап құттықтау тілектерін, құттықтау видеоларын арнады. Мұғалімдерді қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектерін ескере отырып мектеп басшысы және аудандық білім бөлімінің алғыс хаттарымен марапаттадық.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Қарттарым асыл - қазынам!»

Өткізілген уақыты: Қазан 2023жыл

Мектебімізде қазан айы күні «Қарттарым асыл азынам!» тақырыбында мектебіміздің ардагер қызмтекерлерін құттықтап, мектебіміздің ұстаздары барлық зейнеткерлермен кездесіп әңгіме-сұхбат жүргізді. Өздерінің естеліктермен бөліскен зейнеткер ұстаздарымыз қызықты әңгімелерін айтты. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі-ұстаз! Ұстаз деген сөз қазақ баласы үшін қасиеттіде қадірлі болған. Ұстаздық бұл-ең қиын әрі қызықты мамандық. Осы жолда іздерінен еріп келе жатқан жас ұстаздарға зейнеткер ұстаздарымыз өздерінің кеңестерімен бөлісті.



А Н Ы Қ Т А М А

Мектебіміздің зейнеткер ұстаздарына Оқу Ағарту Министрлігінің алғыс хаттары табыс етілді.

Өткізілген уақыты: Желтоқсан 2023 жыл

Ақырын жүріп анық бас.

Еңбегің кетпес далаға

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, — деп Абай атамыз айтқандай, өз ісінің шеберлері , мектебімізде көп жылдар бойы еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан ұлағатты зейнеткер ұстаздармен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында № 7 жалпы орта білім беретін мектебінің қабырғасында кездесу өткіздік.

Олар өз заманының нағыз мықты, шебер ұстаздары. Мектеп мұғалімдері мен мектеп оқушылары зейнеткер ұстаздарды құрметпен есік алдында қарсы алып, оларды мәжіліс залына шығарып салды. Онда қонақтар тәрбие ісінің меңгерушісі Смагулова Б.С мен музыка пәні мұғалімі Туйкаева Д.К ұйымдастыруымен дайындалған мектеп оқушыларының қатысуымен мерекелік концерттік бағдарламасын тамашалады. Аудандық білім бөлімінің басшысы Н. Наймушина, мектеп директоры Н. Алкенова, мектептің қадірменді ақсақалы С. Д. Басманов, педагогикалық ұжым қонақтарды құшақ жая қарсы алып, оларға Оқу Ағарту Министрлігінің алғыс хаттарын табыс етті. Ардагер ұстаздар кездесу барысында өз әсерлерімен, еңбек еткен жылдардағы естеліктерімен бөлісті. Өз өмірлеріндегі жарқын оқиғалар туралы әңгімеледі. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді демекші ұлағатты зейнеткер ұстаздарымыздың өмірлері мен білім берудегі ерен еңбектері әрдайым жас ұстаздарға үлгі болса, ал жас ұрпақтың есінде мәңгілікке даналық болып қалады деген сенімдеміз.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп, мұғалім этикасы, мәдениеті және міндеттері»

Өткізілген уақыты: Қараша 2023жыл

Мектебімізде «Педагогикалық әдеп, мұғалім этикасы, мәдениеті және міндеттері» тақырыбында педагогикалық кеңес өтті. Кәсіподақ төрағасы Нағашыбаев Н.Е. «Педагогикалық әдеп» төңірегінде сөз қозғады. Педагогикалық әдеп қағидалары және шарттарымен таныстырды. Қызметкерлердің құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі туралы айтты.



А Н Ы Қ Т А М А

Тақырыбы: «Бүкіл әлемдік әйелдерге қарсы зорлық-зомбылыққа жол бермеу»

Өткізілген уақыты: Желтоқсан 2023жыл

Мектебімізде «Бүкіл әлемдік әйелдерге қарсы зорлық-зомбылыққа жол бермеу» мақсатында баяндамалар, пікір-талас, әңгіме-сұхбат өткізілді.



**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Кәсіподақ ұйымы жиналысы**

№1 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: 6

Күні: 04.09.2023ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту
2. Мектеп қызметкерлерін марапаттау, туған күндерімен құттықтау
3. Шипажайлық-курорттық емделуді ұйымдастыру

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша кәсіподақ төрағасы Нагашыбаев Н.Е. сөз алды. Өткен оқу жылындағы жоспардың орындалуымен есеп беріп өтті. Кәсіподақ ойымымен бірге ақылдасып 2023-2024 оқу жылына жоспар құрды.

Екінші сұрақ бойынша Кәсіподақ төрағасы мектеп қызметкерлерін марапаттау және туған күндерімен уақытылы құттықтап, әлеуметтік желілерге жарыялау керектігі айтылды. Кәсіподақ мүшесі Гульмира Муратовна сөз алып, мектеп қызметкерлерін жеткен жетістіктерін, еңбектерін бағалап Қазақстан Республикасының мерекелері қарсаңында марапаттап отыруды айтты. Кәсіподақ мүшесі Сайран Сапаровна сөз алып, қызметкерлердің туған күндерін әлеуметтік желілерге жазып құттықтап отыруды және оған арамыздан бір адамды жауапты студі ұсынды. Кәсіподақ дауыс беру арқылы Дана Кабдулманатовна мен Асемгуль Кайыргельдиновна жауапты болды.

Үшінші сұрақ бойынша Кәсіподақ төрағасы шипажайлық-курорттық емделуді қызметкерлерге уақытылы айту, ұйымдастыру жұмысын өзі жауаптанып қызметкерлерге аудандық білім бөлімінен қалай жеңілдікпен жолдама келеді бірден қызметкерлерге хабарлайтынын айтты.

ШЕШІМІ:

1. 2023-2024 оқу жылына құрылған жоспар уақытылы орындалсын
2. Қызметкерлердің жұмыс нәтижесімен еңбектеріне қарап марапатқа ұсынылсын. Қызметкерлердің туған күндерімен уақытылы құттықтап, әлеуметтік желілерге салынсын
3. Шипажайлық-курорттарға жеңілдікпен келген жолдамалармен қызметкерлерді уақытылы таныстырып, хабарлансын

Кәсіподақ төрағасы:

Нагашыбаев Н.Е.

Хатшы:

Кенжегарина А.К.

